

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР

SOCIAL SCIENCES

FTAXP 03.20.00

Ә. Болатхан¹, Д. Құлынтай²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және Этнология Институты,
Алматы қ., Қазақстан

²15 гимназия мектебі, Алматы қ., Қазақстан

ҚАПАЛ УЕЗІ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕ ПОШТА БАЙЛАНЫСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аңдатпа. Мақала 1867–1917 жылдардағы Қапал уезі пошта байланысының даму тарихы зерттеуге арналған. XIX ғ. II-ші жартысы – XX ғ. басы аралығында Қазақ даласындағы уездер бір уақытта дәстүрлі айқын көріністермен қатар, түсіндірулер мен игерулерге бейімделген жаңашылдықтар көрініс тапқан әлеуметтік мәдени орталықтар ретінде қалыптасты. Бұл патшалық үкіметінің әскери-саяси мақсаттарын жүзеге асыру жолында XIX ғ. I жартысынан бастап орналасу жағынан қолайлылығына үлкен мән берілген бекіністер салу әрекетінің нәтижесі еді. Осы орайда ауқымды қазақ территориясында пошталық байланыс орнату ерекшеліктерін қарастыру маңызды.

Түйін сөздер: Қапал уезі, күнделікті өмір, пошта қызметі тарихы.

Аннотация. Статья посвящена исследованию истории развития почтовой связи Капальского уезда в 1867 – 1917 гг. Во второй половине XIX и в начале XX веков уезды Казахской степи вместе с традиционными представлениями, развивались как социально-культурные центры, которые были готовы принимать новые решения в своей жизнедеятельности. Это было итогом действий строительства укреплений, в целях исполнения задач, поставленных царской властью, начатой в первой половине XIX века, где уделялось большое внимание их

расположению. В этой связи важно изучить особенности установления связи в казахской степи.

Ключевые слова: Капальский уезд, быт, история почтовой связи.

Abstract. This paper reviews the history of the development of the post service of the Kapal district in 1867 - 1917. In the second half of the XIX and at the beginning of the XX centuries, the districts of the Kazakh steppe, together with traditional ideas, developed as socio-cultural centers that were ready to make new decisions in their life. This was the result of the construction of fortifications, in order to fulfill the tasks set by the tsarist government, which began in the first half of the 19th century, where great attention was paid to their location. In this regard, it is important to study the features of establishing communication in the Kazakh steppe.

Keywords: Kapal County, life, the history of postal service.

XIX ғ. II-ші жартысы – XX ғ. басы аралығында Қазақ даласындағы уездер бір уақытта дәстүрлі айқын көріністермен қатар, түсіндірулер мен игерулерге бейімделген жаңашылдықтар көрініс тапқан әлеуметтік мәдени орталықтар ретінде қалыптасты. Бұл патшалық үкіметінің әскери-саяси мақсаттарын жүзеге асыру жолында XIX ғ. I жартысынан бастап орналасу жағынан қолайлылығына үлкен мән берілген бекіністер салу әрекетінің нәтижесі еді.

Қапал XIX ғасырдың екінші жартысында Орта Азия мен Ресей империясының тауар өнеркәсібінің дамуында ерекше орын алған. Тарихы XIX ғасырдың ортасына қарай Қазақстанның оңтүстік облыстарын және Орта Азияны біржола жаулап алу жоспарын жүзеге асыруды мақсат еткен патша үкіметінің Қапал бекінісін салған 1847 жылдан басталады. Кейіннен, 1848-1850 жж. қоныс аударушылардың алғашқы партияларының келуімен «станицаға», Іле Алатау өлкесін бағындыру мақсатында жіберілетін экспедициялардың барлығы Қапалда жасақталатындықтан ол 1850 жылдан бастап маңызды әскери тірекке айналды. Қапал әскери округі құрылған 1854 жылы аймақтық қала деңгейіне көтерілген. 1867 жылы 11 шілдеде бекітілген «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бойынша Қапал уезі орталығы Ташкент қаласы болып табылатын Түркістан генерал-губернаторлығына, оның ішінде Жетісу облысына қарасты болды [1].

1867 жылғы жоба бойынша Түркістан өлкесінде әскери және азаматтық билікті біріктіріліп, әкімшілік билік генерал-губернаторға көшірілді. Қапал уезінде губернаторлықтың басты өкілі уездік басшы

болған. Уез әскерін басқару, тыныштықты сақтау, жергілікті әкімшілік пен соттар қызметтерін бақылау, салықтар мен алымдарды жинау, жолдар мен көпірлердің салынуын, халықтық ағартушылық және қоныстану қозғалыстарын қадағалау, уездегі өнеркәсіп пен сауданы дамыту істеріне жауапты болған уез басшысының міндетіне 1877 жылдан бастап Қапал қаласын басқару жұмыстары қосылған.

Қапал уезі әкімшілік басқару тұрғысынан екі учаскеден тұрған:

1. Қапал участогін уез басшысы басқарған. Оның құрамында Қапал және Сарқан казак станицалары, Арасан, Абакумов, Ақсу, Басқан жаңа ауылдары мен қазақ болыстықтары: Ақши, Арасан, Басқан-Сарқан, Бүйен-Ақсу, Бүйен-Құланды, Күлдей-Жұмабай, Төменгі Ақсу, Сарытас;

2. Алтын Емелде учаскелік пристав жауапты болған. Көксу және Қара-бұлақ казак станицалары, Қоғалы, Попутный, Царицинск, Жалғызбағаш, Қаратал жаңа ауылдары. Гавриловск пен Луговой дербес екі ауылдық шаруа старшындары. Қазақ болыстықтарынан Алтын Емел, Андасов, Балғалы, Жоғары Қара-тал, таулы Жалайыр, Іле Балхаш, Күшік, Мурзинск, Төменгі Қаратал, Сыпатаев, Таз, Шу, Чулаков, Оңтүстік Балхаш [2].

1867 жылы уездік әкімшілік құрамы санаулы штаттан тұрған: уез басшысының екі көмекшісі, әскери сала бойынша бір обер-офицер, кеңседе екі іс жүргізуші және ерікті түрде жалданған екі аудармашы. Уездік дәрігер мен кіндік шеше, уездік сотты қосып қарастырғанда жалпы уез бойынша әкімшіліктің қызметкерлер қатарын көруге болады. Уез басшыларының қолында әкімшілік және азаматтық биліктің шоғырлануы Орта Азиядағы Орыс билігінің әлі де тұрақтанбаған жағдайының нәтижесі деп түсінген патшалық билік 1871 жылғы жобалық ереже бойынша уез басшыларын әскерді басқару міндетінен босатқан. Алайда, Қапал уезінде бұл ереже ХІХ ғасырдың 80-ші жылдарына дейін күшіне енбеді.

Қапал уезі территориясына шекаралас бекітілген кезінен бері бірталай өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Өйткені, көрші уездер болыстық-тарымен арадағы жерге қатысты даулармен байланысты болды. Патшалық әкімшіліктің пікірінше географиялық тұрғыдан жүргізілген шекаралар жергілікті қазақтардың рулық бөліністерімен сәйкес келмеген. Орыс шенеуніктері мен әскерлері, көпестер, казактар, татарлар, сарттар, қалмықтар және жергілікті қазақтар тұрғындары болып есептелетін Қапал уезінің күнделікті өмірінде этникалық және тайпаралық қайшылықтар жиі бой алып тұрған. Татар көпестерінің тоналуы, Қазақтардың мал бастарының жоғалуы, казактар мен қазақтардың қақтығысуы және т.с.с. шиеліністік жағдайларда қазақтардың құқықтық қорғансыздығы айқын сезіліп отырды. Бұндай күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдайлар жайлы

мәліметтерді сол кездегі мерзімдік басылымдардан кездестіруге болады [3].

1867 жылы негізі қаланған Жетісу облысының бес уезінің бірі Қапалдың ұлттық құрамының демографиялық картинасы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. бас кездерінде бой алған саяси және экономикалық өзгерістер мен сипатталады. Қапал уезі халқының саны мен ұлттық құрамының қалыптасуына 1867-1868 жж. реформалардың әсері күшті болды. Өйткені, жер мемлекеттің меншігі ретінде танылып, империяның орталық губернияларынан қоныс аударушылар легі көптеп келді [4].

Жалпы Түркістан өлкесі бойынша жүргізілген халық санағы нақты болмағандықтан 1872 жылғы уақытқа дейін Қапал уезінде қанша халық болғандығын дәл айту қиын. Дегенмен, сол кездердегі берілген статистикалық есептерге сүйенетін болсақ, шамамен, Қапал уезі тұрғындарының саны-100952 жеткен. Жалпы уездің жер көлемі-632 шаршы шақырым. Тығыздығы бір шар-шы шақырым 168 адамнан келген [5]. Қапал уезінде ер адамдар саны көп болған. Өйткені казак әскерлерінің көптеп орналастырылуы, және жергілікті халықтарда да, келімсек орыстар арасында да туу мәселесінде ер жынысының басымдылығы болған. Мәселен, 1868 жылғы мәліметтер бойынша Қапал уезі халқының 60.199 - ер, 59.416 - әйелдер болған. Қазақ отбасыларында дүниеге келген ер балалар саны - 9,616 (53%), ал қыз балалар - 8,670 (47%) болған. Діни құрылымы бойынша: православие - ер адамдар саны 3.239, әйелдер болса - 2.021; католиктер - 35,1; протестант - 5; мұсылмандар - 53.730 ерлер, 46.735 әйелдер; язычниктер - 403 ер, 292 - әйел. Барлығы: 57422/49.052=106.474.

1914 жылы уезде 203770 тұрғыны болған, олардың ұлттық құрамы төмендегідей: орыс:16447/14084; казак:94629/73990; тараншы:13/10; татар: 1576/1595. Басқа ұлттар: 763 [6].

Қапал уезі сол кезде Ресейдің Жетісудағы маңызды бекінісі болғандықтан шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени салада дами бастады. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің саяси - стратегиялық, әскери, экономикалық қажеттіліктердің негізінде бой көтерген Қапал Жетісу облысының құрамында 1867 жылдан кейін уездік қала мәртебесін алған мекен пошталық қызметі арнайы ережемен жұмыс істеген.

Почта-телеграф Қапал қаласымен Верный бекінісін аралығын қамтитын пошталық тракты ашылып жұмыс істеген. Қапал почта-телеграф конторының хат-хабарларды жеткізуде ерекше орны болды. Қалада қалалық басқарма құрылған. Отарлау саясатын тереңдету мақсатында

арнайы топографтар жіберіп, Жетісу жерлеріне зерттеулер жүргізіп, мәліметтер алып отырған.

Жетісу облысы бойынша жүргізілген пошталық жолдардың Қапал уезі территориясымен жүргізілуі Түркістан, Сібір, Қытаймен және ішкі байланыстар үшін маңызы зор болғандығын Жетісу облысындағы пошталық тораптар жайлы мәліметтерге назар аудару арқылы байқауға болады:

Кесте 1

Қапал уезі территориясымен жүргізілген пошта тораптары

р/с	Пошта трактілерінің атаулары	Пошта станцияларының саны	Шақырым көлемі
1	Сергиополь станицасы → → Қапал → Верный → Пішпек → Қарабалта пошта станциясы	42	1040 $\frac{1}{2}$
2	Сергиополь станицасы → Үржар станицасы → Бахты бекінісі	11	278 $\frac{1}{4}$
3	Алтын Емел пошта станциясы → Жаркент → Харгос селосы	8	172 $\frac{3}{4}$
4	Пішпек қаласы → Тоқмақ селосы → Пржевалск қаласы	14	371 $\frac{3}{4}$
5	Абакумовск пошта станциясы → Лепсі қаласы	3	92 $\frac{1}{2}$
	Күтемалды пошта станциясы → Нарын бекінісі	6	155 $\frac{1}{4}$
	Барлығы	84	2111

Кестеде көрсетілгендей Қапал уезі арқылы өткізілген пошта тораптарының негізгілері: Сергиополь станицасынан бастап Қапал, Верный, Пішпек арқылы Қарабалта пошта станциясына дейін созылған бірінші және ең басты пошта трактісі; Екіншісі, Алтын Емел пошта станциясынан бастау алып Жаркент арқылы Харгосқа созылған пошта торабы; Үшіншісі, Абакумовск пошта станциясынан басталып, көрші жатқан Лепсі уезі орталығына дейінгі пошта жолы. Қапал өзінің бекінісі болып салыну кезінен жол тораптарының түйіскен жерінде

орналасқандығымен ерекшеленген. Сондықтан, уездің облыстағы басты байланыс аймақтарының бірі болуымен ерекшеленген.

Барлық мемлекеттік байланыстар ішкі істер министрлігінің құрамына кірді. Уезде пошта-телеграфтық кеңселердің бөлімдері ауылдық жерлерде-пошта-телеграфтық тіректер ретінде жұмыс істеді. Жалпы Ресей империясы бойынша пошта-телеграфтық байланыс саласында жұмыс істейтіндердің жартысынан көбі ПМ шенеуніктері болғандығы және де олардың патша үкіметінің шенді әлеміне қатыстылығы белгілі. Байланыс мекемелеріндегі еңбектің принципті ерекшеліктеріне келсек, алдымен, байланысшылардың жоғары ақпараттандырылуына тоқталамыз. Шаруашылықты таницалар, селениелер, болыстықтар мен ауыл тұрғындарының негізгі массасы ауызша ақпараттарды берумен өмір сүрген кезде, байланысшылардың ортасында дұрыс ақпараттар басымдылық рөлді ойнады. Ақпараттылық бойынша тек баспашылар мен баспахана жұмысшылары байланысшылардың деңгейіне көтерілді. Бұл байланысшыларды барлық оқиғаларды ерте және басқалардан жақсы білетіндігіне орай, шет аймақтағы бірлестіктердегі негізгі өкілдерден бөлді. Олардың еңбек шарттары да ерекше болып қалды. Бір жағынан еңбек бір сарынды болды және физикалық күштер бойынша жұмысшы-станокшылар жұмысына берілмеді. Басқа жағынан нақты мәдени деңгейдегі техникалық білгірлікті талап етті. Телеграфшы қызметіне кандидаттыққа қабылдаудың бірінші шарттары: 4 классты (гимназиялық) білім, құжаттармен жұмыстың біріншілік дағдысы, ұзартылған айналым ағымындағы аппараттармен жұмыс істеуге психологиялық дайындық және денсаулық болуы талап етілген. XIX ғасырдың соңында пошталық байланыс саласында бой алған қарқынды жұмысты Қапал уезі пошта конторы қызметінен бақылаймыз.

Қапал каласында орналасқан контор пошта қабылдауға да, жіберуге де бейімдерген, облыс, қала және халықаралық байланыстарда «210» индексімен белгілі болған. Халыққа ақылы, ақысыз негізде қызмет көрсеткен. Мысалы, 1895 жылы ақылы негізде 4671, ақысыз негізде 9381, 264 ашық құттықтау хат, 172 қарапайым орамахат жіберілген. Пошта конторының қызметін толығырақ түсіну мақсатында төмендегідей кестеге назар аудару қажет.

Кесте 2

Қапал пошта-телеграф конторының 1895 ж. бойынша
корреспонденциялар қозғалысы

	Ақша және құнды пакеттер		Пошталық жіберулер (посылкалар)			Телеграммалар			
			Құнды		Құнсыз	Тарифті	Тарифсіз	Өткіні	Барлығы
	Саны	құны	Саны	Құны					
Жөнелтілген	2408	1118792	183	3146	-	2101	179	4	4662
Қабылданған	2294	330921	427	12673	427	2067	311		

Кестедегі мәліметтерге сүйене отырып, пошта конторының қызметі тек, хаттармен алмасу ғана емес, сонымен қатар уез тұрғындарына ақша және құнды қағаздарды жөнелтуге немесе қабылдап алуға, заттай жөнелтулер (посылка), жедел телеграммалар арқылы хабарламалармен алмасуға мүмкіндік берген.

Ендігіде осы пошта конторында қызметкерлерінің бір күніне сипаттама берсек: таңғы 8-00-ден 10-00-ге дейін – хабар тарату, 10-00-ден 12-00-ге дейін – оның сұрыпталуы, 12-ден 19-00-ге дейін екінші рет тарату, 19-00-ден 21-00-ге дейін – сұрыптау және хабарды кешкі жөнелтуге дайындау [7].

Пошта жолдарымен бірге жүргізілген телеграф желілері. Қапал уезі территориясына қатысты телеграф желілері:

1. Өзен-бұлақ пошта станциясынан басталып Абакумовскке дейінгі жолды қамтитын желі;
2. Абакумовск пошта станциясынан басталып Верный қаласымен аяқталатын желі;
3. Алтын Емел пошта станциясынан басталып Құлжаға дейін созылатын желі.

Почта-телеграф Қапал қаласымен Верный бекінісін аралығын қамтитын пошталық тракты ашылып жұмыс істеген. Қапал почта-телеграф конторының хат-хабарларды жеткізуде ерекше орны болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 ҚР ОММ. 44 - қ., 1 - т., Т - 1. Том – 15 // Перепись кибитковладельцев по Копальскому уезду на 1897 - 1899. - 380 л.
- 2 Пален К. Областное управление, СПб., 1910 – 143 с.
- 3 «Из города Копала» // Туркестанские ведомости // №10, 8 сентябрь, 62 б.
- 4 Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. СПб., 1872. - 12 с.
- 5 Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. СПб., 1872. - 13 с.
- 6 Обзор Семиреченской области за 1914 год. Верный, 1914. - 71 с.
- 7 Обзор Семиреченской области за 1895 г. Верный, 1896. - 45 с.
- 8 Устав Копальского Общества Потребителей. - Верный, 1902. – 27 с.